



Науқан



Суды үнемдеудегі жемісті жоба

Су ресурстары және ирригация министрлігінің мәліметінше, аймақта 15 мың гектардан астам егістік жер қалпына келтірілді. Ал аудандағы Сырдария өзені бассейніндегі ирригациялық және дренаждық жүйелерді қайта жаңғырту жұмыстары бүгінде толығымен аяқталды.

Нақтырақ тоқталсақ, 1362,2 шақырым су арнасы қайта жаңғыртылып, 14 617 шағын гидротехникалық нысан ауыстырылып, жаңадан салынды. Сондай-ақ 327,86 шақырым коллектор мен 151 бақылау ұңғымасы қалпына келтірілді.

Осы жұмыстардың нәтижесінде жалпы көлемі 15,1 мың гектар ауыл шаруашылығы алқаптарын сумен жабдықтау және мелиоративтік жағдайы жақсарып, суармалы жерлер толық игерілді. Жоба су шығынын 30 пайызға дейін азайту арқылы жылына шамамен 95 млн текше метр суды үнемдеуге мүмкіндік береді. Жергілікті шаруа қожалықтар жұмыс нәтижелеріне оң баға беріп отыр.

— Су арналарын тазарту, шлюздер орнату және басқа да жұмыстардың арқасында су жеткізу жағдайы 35-40 пайызға жақсарды. Бұл жүйе диқандарға су тапшылығы жағдайында да жұмыс істеуге көмектеседі. Жалпы нәтижелер өте жақсы, — деді жалағаштық агроном Сұлтанбек Үсенов.

Бұл жұмыстар Дүниежүзілік банкпен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру жобасының екінші кезеңі аясында атқарылған. Осыған ұқсас жобалар Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында да жүргізіліп жатыр. Осының арқасында 105 мың гектардан астам жердің суармалы жағдайы жақсарады. Бүгінгі таңда бұл жобалардың 86 пайызы аяқталған. Қазірдің өзінде 79,15 мың гектар егістікке су жеткізу жақсарып, жылына 201,8 млн текше метр су үнемдеуге жағдай жасалған.

Айта кетейік, Премьер-министр Олжас Бектенов қызылордалықтардың су үнемдеудегі жаңа технологиялар мен үздік идеяларды пайдалану тәжірибесін басқа өңірлерге үлгі етті.

«ЖЖ» ақпарат

Айтыс

Сыр жұрты жырмен сусындады

Қызылорда қаласындағы «Өнер» орталығында «Үш дәуірдің астанасы – Қызылорда» атты республикалық ақындар айтысы өтті. Жыр додасын Парламент Мәжілісінің депутаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы Аманжол Әлтай жүргізді. Ашылу рәсімінде аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев қатысушыларға сәттілік тіледі.

— Биыл — еліміз, өңіріміз үшін мерейтойлар жылы! Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Байқоңыр ғарыш айлағының ашылғанына 70 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы кең көлемде аталып өтуде. Бұл мерейлі даталардың ұлт тарихында алар өзіндік орны мен маңызы зор. Сыр өңіріндегі айтулы шаралар мыңжылдық асыл мұрамыз айтыспен басталуда. Мемлекет басшысы бірлік пен берекенің,



өнер мен мәдениеттің құтты ұясы болған Сыр өңірін алтын бесікке төнеп, айрықша бағасын берген еді. Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайда келесі 5-ші отырысты Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда

қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиында қабылданған тарихи шешім аймақ жұртының мерейін асқақтатты. Президентіміз халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы қайтарылған, тарихи әділдік орнаған Қызылордадағы маңызды оқиғалар ел жадында сақ-

талуға тиіс екенін атап өтті. Бұл — біз үшін зор мәртебе, Президентіміздің өңірімізде атқарылған жұмыстарға берген оң бағасы деп білеміз. Сыр топырағынан түлеген ақындарымыз айтыс өнерін дамытуға үлкен үлес қосуда. Өйткені айтыс — мәңгілік киелі мұрамыз! Бүгінгі сөз додасына келген жүйріктерге ел рухын асқақтатудағы елеулі еңбектеріңіз үшін алғыс айтамын. Қазақтың қаймағы бузылмаған, бірлік пен ұлт тұтастығының алтын дінгегіне айналған қасиетті Сыр өңіріне келген қадамдарыңыз құтты болғай! Халықты ізгілікке үндейтін өнердегі шын жүйріктер тыңдарманға келелі ой айтып, тағылымды сайыс жасаңыздар! Баршаңызға сәттілік тілеймін, — деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айтыс алаңында еліміздің әр аймағынан жиналған 12 ақын бақ сынады. Сыр жұртының төл өнерге деген құрметін, қызығушылығын, айтыс өнерін құрметтейтіні анық байқалды. Тіпті мың орындық «Өнер» орталығы бос орын қалмады. Айтыскерлер қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 180, Қызылорда қаласының Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл толуын, Ұлы Жеңістің 80, Байқоңыр ғарыш айлағының 70 және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын жырға қосты.

Қазылар алқасына мемлекет және қоғам қайраткері Сауытбек Абраманов төрағалық етті. Құрамында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Жүрсін Ермаң, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Ғалым Жайлыбай, Мәдениет саласының үздігі, Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Құдайберлі Мырзабек, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, жырау Алмас Алатов, сондай-ақ айтыскер ақын, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мәліс Қосымбаев болды.

Аламан айтыстың бас жүлдесі Сара Тоқыамысоваға бұйырды. Ал 1 орынға қызылордалық ақын, аймақтың мақтаншы Мейірбек Сұлтанхан лайық деп танылды. Мұнан кейінгі орынға жерлесіміз, «Алтын домбыраның» 3 мәрте иегері Мұхтар Ниязовқа бұйырды. Сондай-ақ Абай облысынан келген Рүстем Қайыртай мен Қарағандылық Мақсат Аханов үштікті түйіндеді. Мұнан бөлек Батыс Қазақстан облысынан келген Жансая Мусина мен түркістандық Бекарыс Шойбековке арнайы жүлде бұйырды.

Сөз додасының көрігін қыздырған Қарағанды облысының ақыны Дидар Қамиев, Павлодар облысынан келген Аспанбек Шүгатайға, ақтөбелік Злиқа Наурызалина мен Нұрбол Жауынбаевқа, сондай-ақ Түркістан облысынан келген Нұрмахан Жақыпбекке 500 мың теңгеден сыйақы табысталды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Еңбек адамы



Сыр салысын баптаған

Алмат Ысқақов ауыл шаруашылығы саласына тәуелсіздіктің алғашқы жылдары келді. Сол уақыттан бері ауданның, аймақтың, тіпті елдің ауыл шаруашылығы саласына серпін беруде қажырлы еңбек етіп келеді. Бүгінде ол «Сәрке батыр» ЖШС-ның даңғайыр диқанына айналған.

Кейіпкеріміз бастапқыда батыр атындағы шаруашылықта 2 жыл қарапайым жұмысшы болды. Кейін диқанның көмекшісі бола жүріп, күршілті баптаудың қыр-сырына қаныққан. Өзі де серіктестікте күріш егуге сұранады. Жұмысында жауапкершілікті бірінші орынға қоятын Әлекеңнің бұл ұсынысы жерде қалмады. Бастапқыда бригадир оған 50 гектар жерден мол өнім алуды міндеттейді. Сол жылы күзгі науқанда сенім үдесінен шыққан ағамыз қамбаға қатарластарынан артық астық құйды.

Диқанның аузын бақсақ, бүгінде Сыр салысын күтіп-баптаудың барлық әдісін жетік меңгерген. Бірақ «ісінен сөзі алда жүретін-дердің» сұрпынан емес. Нәтижеге еңбек етіп, жыл сайын астықтан тау тұрғызады. Басшылық құрам оның былтыр да жоғары өнім алғанын жоққа шығармады.

— «Ауылда береке бар» дейміз, бірақ сол береке өздігінен келмейді. Оны қалыптастыратын Алматы сияқты осы ауылдың азаматтары. Жалпы өзім Алматы Ысқақовтың жұмысын жоғары бағалаймын. Ұзақ жылдан бері ауыл

шаруашылығы саласында еңбек еткесін сала мамандарының, оның ішінде диқандардың жұмысы оңай болмайтынын жақсы білемін. Бірақ әріптестерім сол қиындықтың барлығын еңсеріп, жыл сайын қамбаны астыққа толтыруда. Күзгі науқанда мерейімізді асыратын да осы Алматы секілді диқандар, — дейді шаруашылық төрағасы Қанат Демесінов.

Ширек ғасырдан бері Алматы Ысқақов күріштің бірнеше сұрпын өсірді. Әлі күнге дейін Сыр салысының қай сұрпына қандай күтім қажет, бұл жағы еңбек адамына таңсық емес. Ал мұндай маманның күзгі науқанда төмен нәтиже көрсетуге де хақысы жоқ. Бұл жауапкершілікті Әлекең жақсы біледі.

Қазіргі таңда батыр атындағы шаруашылықта бір бригадта 7 диқан бар. Соның бірі — Алматы Ысқақов. Ол қазір салаға жастардың келгеніне қуанады. Тіпті олармен жиган тәжірибесін бөлісіп, қай өнімге қандай күтім қажеттігін үйретіп келеді.

— Соңғы онжылдықтың басында шаруашылықтағы диқандардың ең жасы өзім едім, қазір ең үлкенімін.

Шүкір, жастар көптеп келіп жатыр. Оларға осыған дейін салада түйгенімді үйретіп жүрмін. Күріш деген жерге дөңді тастап, күзге дейін суда ұстап, науқан соңында тек жинап алатын өнім емес. Осының уақытта оған қандай күтім жасалатынын білмейтіндер көп. Мәселен, дөн себілемін дегенше жердің өзі бірнеше өңдеуден өтеді. Егін егілгеннен кейінгі күнделікті күтімін қазір бастасам, көшке дейін айтатын дүние көп. Ол да бала сияқты, ерекше күтімді қажет етеді. Оны да қырқынан шығарасыз, одан кейін түсіне байланысты суды да кейде жиі ауыстырып отыру қажет. Күріштің суы ауысқан сайын жаны кіреді. Ал уақытында ауыстырмасаң, бойы аласа болып қалады. Бұлай шыққан егіннен мол астық аламын деу бос сөз. Осындай салада түйгендерімді жас диқандарға үйретіп келемін. Ертең біздің жолымызды жалғайтын жастар ғой. Сондықтан біз алдыңғы буыннан алғанымызды оларға үйретуге міндеттіміз. Себебі ұрпақ сабақтастығы өздігінен жүзеге аспайды, — дейді ағамыз.

Әлекең былтыр 50 гектар алқапқа күріш екті. Оның әр гектарынан 60 центнерге жуық өнім алды. Быыл да осы меже сақталып отыр. Қазірдің өзінде Әлекеңнің егіс алқабы көгеріп келеді. Сағаның соңында болғасын суды берінен кейін алыпты. Көктемде

диқандармен бірге демалмады, дамыл таппай егіс басында жүрді. Өзінің жерін жұртуға келгенде механизатордың қасынан табылды. Мұның бәрі мол астық алудың қамы еді. Қазірдің өзінде сол еңбектің есесі қайтып жатқандай. Себебі су астынан қылаң берген өнімнің шығымы жаман емес.

Алмат Ысқақов кент іргесіндегі Ақсуауылында тұрады. Отбасында жары Ұптай Иманқұлова екеуі 4 бала тәрбиелеп өсірді. Аламыз да осында аспаз болып жұмыс істейді. Ал ұлы Абзал Құдайбергенов батыр атындағы шаруашылықта механизатор болып еңбек етуде.

Быыл Әлекең 50 гектар жерге күріштің «Лидер» сұрпын еккен. Алдағы онкүндіктің соңында суды ауыстыруға бел буып отыр. Күріштің елгі сұрпы 120 күнде толық пісіп жетіледі екен. Шаруашылық ұжымы тұқымды да өздері дайындайды. Олар тұқымды 3 жыл сайын жаңартып отырады.

Былыр аяқсудан айтарлықтай тапшылық байқалмады. Соның нәтижесі болар, Сыр диқандары күріштен мол астық жиды. Оның ішінде Жалағаш «Үздік аудан» номинациясына ие болды. Быыл да аяқсу қат болмаса, ауа райы диқандарға қарасып тұр. Алматы Ысқақов сияқты тәжірибелі мамандар аман болса, өткен жылғы жетістікті қайталауға мүмкіндік мол.

К.БАЛҒАБАЙ

2 ҚОҒАМ

Бағдарлама игілігі

Ауылда кәсіп ашуға қолдау бар

Қазіргі таңда жеке кәсібін ашқысы келетіндердің саны тек қалаларда ғана емес, шалғай елді мекендерде де арта бастады. Мұндай үрдіс Жалағашта айқын байқалады. Ауданға қарасты елді мекендерде мал фермалары, жылыжай, наубайхана, шаштараз, азық-түлік дүкені секілді шағын өндіріс орындары көптеп ашылуда. Қуантарлығы, бұл үрдіс жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға жол ашып отыр. Ерекше айта кететін жайт, «Ауыл аманаты» жобасына жалағаштықтар қатты қызығушылық танытып отыр.

Былтыр 375 жоба қаржылай қолдау тапты

«Ауыл аманаты» жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың 26 қарашасындағы №1 «ҚР ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлығы негізінде бастау алды. Ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған жоба облыста оң нәтижесін беруде. Бизнесстің әлеуметтік жауапкершілігі аясында агробизнес өкілдері ауқымды жұмыс атқаруда.

Айта кетейік, «Ауыл аманаты» жобасы аясында аймақта 2023 жылы 406 жоба, ал былтыр 375 жоба қаржыландырылып, жалпы екі жылда 1 110 жаңа жұмыс орны ашылған. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 275-ке артты. Сонымен қатар 50 өндірістік кооператив құрылып, өңдеу өнеркәсібі бағытында 158 жаңа кәсіпорын іске қосылды.

Аймақтағы «Абай-Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жаңашыл бастамасының нәтижесінде 1000 шаршы метрден асатын ғимаратта

партиясы жанынан арнайы құрылған мобильді топтар барлық ауылды аралап, тұрғындарға «Ауыл аманаты» жобасын кеңінен таныстырды. Оның ішінде ең шалғай деген ауылдардың тұрғындары да қамтылды.

Соның нәтижесі болса керек, ауыл тұрғындарында тыңнан түрен салатын бизнес жоспарлары жетерлік. Бір сөзбен айтқанда, ауылда кәсіп ашу үрдісі кең етек жайды. Нақтырақ тоқталсам, бүгінде ауданда аталған жоба аясында 379,7 млн теңгені құрайтын 66 жобаны қаржыландыру жоспары бекітілген. Қазіргі таңда 83,9 млн теңге болатын 19 жоба қаржыландырылған. Сондай-ақ 25,5 млн теңге болатын 3 жоба қаржыландыруға ұсынылған. Еске салайық, өткен жылы «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» аясында 49 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған.

176 жаңа жұмыс орны құрылды

Сонымен қатар «Жұмысшы мамандықтары» жылы аясында биыл агроиндустриялық жобаларға қажет мамандар даярлау үшін мемлекеттік



жалпы құны 318,2 млн теңгені құрайтын 13 жоба іске қосылған. Сол арқылы қосымша 25 азаматқа тұрақты жұмыс орны ашылған.

56 жылыжай салынған

Жалпы аймақта 447 мың тұрғын болса, сол халықтың 53 пайызы ауылдық жерде тұрады. Сондықтан жоғарыдағы тәжірибені кеңінен тарату мақсатында облыс бойынша 14 шағын орталық құру жоспарланған. Сондай-ақ 434,9 млн теңгеге 70 жобаны іске асыру көзделуде.

Ауыл шаруашылығы саласында 56 жылыжай ашылып, 2 676 бас асылтұқымды мал сатып алынды. Мал шаруашылығын дамытуда шағын несиелерді асылтұқымды төрт түлік сатып алуға бағыттау ұтымды шешім болды. Нәтижесінде шағын несиелердің 27 пайызы осы салаға бағытталды.

19 жоба қаржыландырылған

Ауданда бағдарламаны ауыл тұрғындары арасында кеңінен насихаттау, түсіндіру жұмыстары жан-жақты жүргізілуде. Аудан әкімдігі мен «Аманат»

тапсырыс саны 5 308 орынға дейін ұлғайған. Мәселен, былтыр шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2 972-ге жетіп, бүгінде оның 2 839-ы немесе 95,5 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Сондай-ақ қаржы институттары арқылы аудан кәсіпкерлері ұсынған 325 жоба 5 млрд 132 млн теңгеге қаржыландырылып, 176 жаңа жұмыс орны ашылды. Былтыр 60 млн теңгені құрайтын 11 жоба қаржыландырылып, 11 жұмыс орны құрылды.

Сонымен қатар былтыр желтоқсан айында 43 млн теңгені құрайтын 10 жоба комиссияда мақұлданып, қаңтар айының басында толық қаржыландырылған. Нақтырақ айтсақ, ауданда өңдеу саласын дамыту мақсатында жеке кәсіпкер Халық Серіктің жеке қаражаты есебінен жалпы құны 300 млн теңгені құрайтын «Ақниет» құрылыс қоспаларын шығару цехы іске қосылды. Сонымен қатар «Таң ЛТД» ЖШС- ның жалпы құны 422 млн теңгеге «Өндірістік база» цехының құрылысы жүргізілуде, жақын уақытта іске қосу жоспарлануда. Цех мақсарыдан май, жүгеріден ұн және күріштен кеспе өнімдерін шығаруды қолға алмақ. Сондай-ақ өндіріс арқылы 22 жұмыс орны ашылады. Тағы да айта кететін жайт, аудан орталығынан өткен жылы кәсіпкерлердің бастамасымен



құны 600 млн теңгені құрайтын 3 сауда орталығы ашылып, ел игілігіне берілді.

Ауыл әкімдері көмектесуге дайын

Бағдарламаның қалай жүзеге асырылатыны және несиелеудің шарттарына назар аударар болсақ, ең бірінші кезекте жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперативтер негізінде дамытуға басымдылық беріледі. Бұл ретте алынған өнімнің сапасын, салмағын арттыратын өңдеу саласына қатысты жылыжайлар, сүт, ет өндірісі, құс және балық шаруашылығы секілді жобалар, өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын дамыту, ауыл шаруашылығы кооперативтерін жабдықтау және басқа бағыттағы бизнес жобаларды қаржыландыруға ерекше мән беріліп отыр. Яғни ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын құруға, мал мен құстың санын көбейтуге, шағын кәсіпкерлікті ашу арқылы халықтың табысын арттыруға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге септігі тиеді.

Несие алу үшін ауыл тұрғындары

жергілікті ауылдың тұрғылықты азаматы болуы керек. Егер кепіл болмаған жағдайда туыстардың кепілін пайдалануға болады.

Қаржының мақсатты жұмсалуды қатты қадағаланатын болады. Бағдарлама адамдардың тұрақты табыс жолына түсуіне бағытталған. Кәсіп ашуға немесе істі дұрыс жүргізуге мамандануға ауылдық округ әкімдері көмектеседі. Өйткені аудан әкімі Ардақ Ибраимов тиісті сала басшыларына және ауыл әкімдеріне жобалардың уақытында әрі сапалы орындалуын, олардың нақты нәтиже беруін және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталуын қамтамасыз етуді тапсырған.

Редакция тілшілері ауданға қарасты ауылдарға сапар шегіп, кішкене болса да кәсібін бастап отырған тұрғындармен сұхбаттасып, халық арасында насихаттауды біржолға қойған. Байқағымыз, ауыл тұрғындары бұл жобаға үлкен үміт артқан. Қолынан іс келетін, дөңгелентіп отырған кәсібі бар көптеген кәсіпкер, фермерлер бұл жобаға барынша мүдделілікті танытуда. Олар қаржылай қолдау болса, ауылда өз кәсібін бастауға немесе шағын кәсіптерінің



алдымен жергілікті әкімдіктеріне өтінім білдіруі қажет. Бағдарламада уақыт шектеуі жоқ. Шартта көрсетілгендей, несие алушы кем дегенде бір жыл сол

аясын кеңейтіп, талапқа сай дамыта алатынына бек сенімді.

ЖАРЫН

Сақтансаң, сақтайды

Суға түскенде де сақтық керек



Жаз мезгілінде суға шомылу – ең сүйікті демалыс түрінің бірі. Алайда суға түскенде қауіпсіздік ережелерін елемей қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін. Сондықтан әрбір адам суға түсу кезінде қауіпсіздік талаптарын білуі және орындауы тиіс.

Біріншіден, тек рұқсат етілген жерлерде шомылыңыз. Суға шомылуға арнайы бөлінген құтқарушылар қызметі бар, тазалығы мен теңгерілді тексерілген орындарды таңдаңыз. Рұқсат етілмеген, белгісіз жағажайларда шомылу өте қауіпті.

Суға мас күйінде немесе шаршаған кезде түспеніз. Алкоголь ішкеннен кейін, дене қатты шаршаған кезде немесе суық тию белгілері болса, суға түсуге болмайды. Бұл жағдайда адамда қозғалу қабілеті мен сергектік әлсірейді, бұл батып кетуге себеп болуы мүмкін.

Балаларды қадағаласыз қалдырмаңыз. Балалар ересектердің бақылауынсыз су жағасына немесе суға бармауы тиіс. Тіпті таяз суда да балаға қауіп төнуі мүмкін. Балаларға арнайы құтқару құралдарын киігізген дұрыс. Суға секірмеңіз, бейтаныс су қоймаларында, жағалауда немесе біктіктен суға секіру қауіпті. Су астында тастар, шұңқырлар немесе бөгеттер болуы мүмкін.

Суға біртіндеп түсіңіз. Қызу немесе күн астында ұзақ жүргеннен кейін бірден суға секіру жүрек ұстамасына әкелуі мүмкін. Алдымен деңгейіңізді сулап, біртіндеп суға түсіңіз. Толқын мен ағыстардан сақ болыңыз. Ағын суы бар өзендерде, толқыны қатты көлдер мен теңіздерде суға түсерде аса сақ болу қажет. Ағыспен бірге алыстап кетіп, қайта жағаға жүзіп шығу қиынға соғуы мүмкін.

Құтқару құралдарын пайдаланыңыз. Егер жақсы жүзе алмасаңыз немесе баламен суға түссеңіз құтқару жилетін, қалқыма дөңгелектерді, арнайы маталарды пайдаланыңыз.

Дауыл немесе найзағай кезінде суға түспеніз. Ауа райы бұзылған кезде суға шомылуға болмайды. Найзағай кезінде ашық суда болу өте қауіпті.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Кеңес



Ас беру мәдениетін сақтап, ысырапшылдықты шектейік

Өмір... Қызығы да, шыжығы да қайнап жатқан тіршілік мекені. Бұл өмірде қуаныш та, қайғы да қатар жүреді. Өмір бар жер де өлім хақ. Одан ешбір пөнде сытылып кете алмас. Артында қалған ет жақын ағайын марқұмдарды еске алып, Құран бағыштап, ас беріп жатады. Марқұмға сауабы тиісін деген мақсатта берілетін асты халқымызда «Құдайы ас» деп атайды. Марқұмның руағына ас беріледі. Құран оқылып, көпішілкіпен дұға жасалады. Дүниеден өткен марқұм үшін көптен бірге Алладан рақым және кешірім тілейді. Марқұмның күнәсі кешіріліп, артынан сауап-амал жетсе деген үміт тұрады.

Алайда садақа жиындарында шариғат талабын орындап жатыр ма, ас беру мәдениетін қаншалықты сақтап жүрміз?! Бүгінде көп ойландыратын қоғамның сұрағы осы. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы көптің көкейіндегі өзекті мәселеге бей-жай қарап қалмады. Еске салайық, 2020 жылы «Ислам – мәдениет пен ізгіліктің бастауы» атты имамдардың IV республикалық форумында «Ас беру мәдениеті» құжатын бірауыздан қабылдаған болатын. Аталған құжаттан аса маңызды жәйттерді көруге болады.

Қабылданған құжаттың мақсаты – Қазақстанның барлық аймағында шариғат шеңберінде, салт-дәстүрімізді ескере отырып, отбасылардың әлеуметтік жағдайына салмақ салмайтын және ысырапқа жол бермейтін құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыру және оны көпшілікке насихаттау. Құдайы ас беру ата-бабамыздан келе жатқан халықтық дәстүр мен ұлттық мәдениетіміз болғандықтан, оның бүгінгі заман талабына сай кейбір тұстарын бір ізге келтіріп, келешек ұрпаққа аманат етіп жеткізу.

Қайтыс болған кісіні арулап көміп, жаназасын шығарғанда, жетісі, қырық күндігі, жыл толуына байланысты және тағы басқа шараларда дастархан жайылғанда дінімізде нақты талап етілмеген салт-дәстүрімізге сай келмейтін, ақырет үшін пайдасыз кейбір әдеттер қоғамда белең ала бастады. Мысалы, жақынынан айырылып отырған қаралы шаңырақ «көпішілікке ас беру – перзенттік міндетіміз» деп дастархан жайып, шектен тыс шығын жасап, ас та төк, ағын-тегін дастархан жаюда. Бұл орташа табысы бар көптеген отбасыларға ауыртыпашылық тудыратыны сөзсіз. Сондықтан бүгінгі күні еске алу іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу мәселесі шариғат заңдары мен салт-дәстүр бойынша реттеуді талап етеді.

Ауқатты отбасылар асқа ірі қара сойып, құрбан шалып жатқанда, жағдайы төмен және орташа отбасылардың одан қалысқысы келмейтін түсінікті. Осыдан келе жұрттан қарыз алып, қауғаланып «парызымды орындаймын» деп дүниеден өткен жандарға ас беріп, шығындығып жүргендер де жоқ емес. Ал шын мәнінде шариғатта: «Жеңілдетілген, ауырлатпаңдар, сүйішпендер, қоқышпаңдар!» деген. Бүгінгі күні осы сынды әдет-ғұрыптар мен рәсімдер реттелмесе, жыл өткен сайын бұл қиындықтар күшейе түсуі мүмкін. Сол себепті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы осы рәсімдерді реттеп, бір жүйеге келтіретін арнайы құжат қабылдауды басты назарға алды. Бұл құжатты негізге ала отырып, қоғам болып бірауыздан қолдауымыз қажет. Сонда ғана ысырапшылдықты тоқтатқан болар едік.

Құдайы астың негізгі мәні – көпішіліктің басын қосып марқұмға Құран бағыштап, дұға жасау, Алла Тағаланың мейірімін, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шапағатын тілеу, пәндешілікпен өткен қателіктері мен құнарлары үшін Жаратқаннан жарықпау сұрау.

Қазақ халқының дәстүрінде марқұмдарға арнап берілетін құдайы астардың бірнеше түрі бар. Мысалы, «үш күндің беру», «жетісін беру», «қырқын беру», «жылың беру», «жылын беру» және т.б. Яғни көңіл айтып келген кісіге дастархан жайып ас беру қазақ халқының қанына сіңіп, дәстүріне айналған. Сондықтан дүниеден озғандарға арналған құдайы астардан бөлек көпішілікке берілетін астар да бар. Ата-анасының, басқа туыстарының дүниеден озғанына бес жылдық, он жылдық, тіпті марқұмның 100 жақа толуын еске алатын құдайы астың түрлері бар.

Түсіне білсек, шариғат бойынша ысырапшылдық жасамай, марқұмның артынан ізгі тілек тілеп, дұға жасаудың сауабы мол Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан әзірленіп, 2017 жылы жарық көрген «Жаназа және жерлеу рәсімдері» кітабында: «Қайтыс болған кісінің атынан ас беру – ислам шариғатында міндетті түрде атқарылуы тиіс парыз амалдарына жатпайды. Яғни, жасалмаған жағдайда ешбір адам күнәһар болмайды. Бірақ жалпы алғанда жұртқа тамақ таратудың сауапты іс екенін Құран аяттарынан және хадистерден байқауымыз. Дінімізде «міндетті түрде қарызданып немесе өзіне қажетті қаржыңды жұмсап, қайтыс болған кісі атынан ірі қара мал сойып, садақа бер» деген үйім жоқ. Садақалар құдайы астар берілген жағдайда ысырапқа жол берілмеген атқарылуы тиіс», – делінген «Жаназа және жерлеу рәсімдері» – Астана, 2017. – 148 беті).

Аталған құжатта «ас беруде ысырапқа жол бермеу» керектігі жөнінде былай делінген «Ас та төк ысырап жасау көз келген отбасыға материалдық тұрғыда шығын өкеледі. Қасиетті Құранда: «... ішіндер, жеңдер, алайда ысырапқа жол бермеңдер. Өйткені Алла Тағала ысырап етушілерді сүймейді» делінген («Ағраф» сүресі, 31-аят).

Шариғаттағы көптеген міндеттер орта деңгейлі отбасының жағдайына қарай белгіленген. Мысалы, рамазан айындағы пітір садақасы – жан садақасы бола тұра, барлық мұсылмандарға емес, тек дәулеттілерге ғана міндеттеледі. Сол үшін шығынның көптігімен емес, ниеттің тазалығымен таразыланады.

Мал-дәулеті бар адамдар да құдайы асты қарапайым деңгейде бергені жөн. Алайда марқұмның атынан басқа да сауапты амалдар жасауды қаласа, жетім-сиретлерге, кедей-көпшіктерге қайыр-садақа беріп, мешіт, медресе, мектеп, балабақша, халық жүрегін жоқ, көңіл салып ағаш егіп, басқа да ізгі істер арқылы өз ниетін іске асыруына болады. Құдайы асқа арнап мал сою міндет емес. Өйткені құдайы аста жиналған адамдарды тойдыру шариғат талабына да, мақсатына да жатпайды. Ең бастысы, ас берушілердің және оған қатысушылардың ниеті таза болуы тиіс.

Құдайы аста кәде (сыйлық, теберік, жыртыс және т.б.) таратуды шариғат талап етпейді. Оған жұмсалған қаржыға шын мұқтаждардың қажетін өтеу – әлде-қайда сауапты». Құжаттағы көрсетілген ас беру мәдениетін ел болып сақтауымыз керек. Мұның барлығы шариғат талаптарына негізделіп әзірленген.

«Тас түскен жеріне ауыр» деген сөз бар. Демек, қазалы үйде қазан көтерілмейуі керек. Қайғыдан қан жұтып отырған шаңырақтан тамақ ішіп, бос әңгіме айтып, арысы күлкіге еру мүлдем дұрыс емес. Қайта туыс-жақыны, көрші-қоланы, жора-жолдасы жандарына демеу болып, қаралы отбасын қамқорлыққа алып, қайғысын жеңілдетіп, барлық шаруадан босатуға күш салуы қажет. Қазаса мал іздеп, базар аралап, өзгеден қарыз сұрап сабылып кетпеуі тиіс. Бұл көптің көкейіндегі, халықты толандыратын, әлі күнге дейін бас қатырған өзекті мәселеге айналды. Бұған атүсті қарай салуға болмайды. Мұсылманның ісінен шариғат көрініп тұру керек. Шариғат – Алланың қалаған заңдылығы.


Судың да сұрауы бар. Әрбір ысыраптың да обалы бар. Әсіресе осы ас-құдайыдағы жағдайымызға аса мән берейік. Ас берудегі ысырапшылдыққа тоқтау қоятын кез жетті. Түбегейлі тоқтау үшін мұнымен халық, әулет, ру басы, ақсақалдар болып үн қатып айналысуымыз қажет. Өйткені қазалы жерлерде азық-түлікті аямай, дастарқанды жайнатып ас беретіндер бар. Құдайыға емес, тойға келгендей сезімде боласын. Мал-дәулеті бар адамдар да құдайы асты қарапайым деңгейде бергені жөн. Кейбір ағайындар қалтасы көтермей қиналады. Қарызданып-қауғаланып, елден қалмайын деп дастарқан жаюға тырысып жатады. Мұндай жағдай біріншіден – ысырапшылдыққа, екіншіден, қазалы отбасын шектен тыс ауыртыпашылыққа итермелейді. Кісі баласын қаржылық қиындыққа немесе қарызға батырып қою – қиянат іс екенін өздеріңіз де білесіздер.

Қорытып айтсақ, «Жан қайғысы болған үйде мал қайғысы болмасын» деген қанатты сөз бар. Марқұмның алдындағы «парызымды орындаймын» деп, тіршілік еткен ағайынның «қарызымды қайтіп өтеймін» деп қиналып жүрмесін. Біздің ортақ мақсатымыз – қаралы үйге салмақ түсірмей, ысырапқа жол бермей, Жаратқанның ризашылығына бөлену болуы тиіс.

«Ас беру мәдениеті» құжаты елдегі мұсылман қауымы үшін әзірленген. Ондағы бекітілген ережелерді сақтаық. Бір ғана мақсат – мұсылман қауымының өзіндік құдайы ас беру мәдениетін қалыптастырып, оған қатысты жоралғыларды, қалыптасқан дәстүрді жүйелендіру болып табылады.

Қайырбек ОТЫЗБАЕВ,
Қызылорда қалалық
«Мүсірәлі ата» мешітінің имамы

Туралықты ту еткен



«Алаштың анасы» атанған, ерлік пен елдіктің, береке мен бірліктің, өнер мен мәдениеттің киелі мекені болып табылатын Сыр елі ежелден білім мен ғылымның, өнер мен мәдениеттің ордасы болғаны тарихтан белгілі. Топырағына қобыздың үні сіңген біздің қасиетті өлкемізден ұлт тарихы мен мәдениетінде өзіндік орны бар талай тұлғалар шықты. Осындай тарихи тұлғаның бірі – тазалықтың, әділдіктің, тектіліктің, турашылдықтың символына айналып, өзінің саналы ғұмырын еліміздің сот саласын құруға, өркендетуге арнаған егемен еліміздің заңғар, кемеңгер заңгері, әріптестері арасында «Сапа белгісі» атанып кеткен нар тұлға азамат Иран Әмірұлы.

«Өмір өзен ағып жатыр тоқтаусыз. Өмір болмас қасіретсіз, қайғысыз» деп аталарымыз өмірді ағып жатқан өзенге теңеген. Кейде жұмсақ, кейде қатал болатын бұл өмір – адамға ғаламда бір-ақ рет берілетін қымбат сыйы, жарық сәулесі әрі сынағы. Сондықтан «өмірде тәзімділік, табандылық танытып, адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстай білу керек» дейтін көнекөз қариялар. Адам баласы өмірде көздерсөтін қиыншылықтарды, кедергілерді ақыл-оймен, сабырмен жеңіп, өмірдің әрбір сәтін мәнді де сәнді өткізіп, жарық сәуледей жарқын ете білуі керек. Дәл осындай асыл қасиеттер кейіпкерімізді абырой биігіне көтерді.

Ол 1944 жылы 15 қыркүйекте Жалағаш ауданының Қаракеткен стансасында туған. Қазақ мемлекеттік университетінің, Заң факультетін аяқтаған. 1970-2004 жылдары Ақтөбе облысының аудандық соты, Ақтөбе қалалық, облыстық сотының төрағасы болды. 2004-2008 жылдары ҚР Парламенті Сенатының 3-ші шақырылымының депутаты, Заңнама және құқықтық мәселелер комитетінің мүшесі болды. ҚР Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі, Сот атқарушылары одағының төрағасы қызметтерін де абыроймен атқарды. ҚазақСР Еңбек сіңірген заңгері, ҚР Құрметті судьясы, «Құрмет» орденінің иегері, Қызылорда облысы Жалағаш ауданының, Ақтөбе облысының құрметті азаматы еңегелі өмірімен ескеңгең ұрпаққа үлгі болды.

Ағамызды соңғы сапарға шығарып салуға Сыр елінің Ақтөбе, Астана, Алматы, Батыс Қазақстан облыстарынан қалып жұрт келді. Парламент депутаттары, жалпы қарапайым халық көп жиналды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Президент Әкімшілігі, Мәжіліс, Жоғары Сот, Бас Прокурорына басшылары, тіпті Ресейдің Мемлекеттік Думасы мен Түркия Мемлекеттер Достастығы елдерінің Парламентаралық Ассамблеясы басшылары көңіл айту жедделхаттарын жолдады.

Иран ағаның арғы атасы Мергенбай мен менің арғы атам Қоразбай Бекше ақсақалдан тарайтын ағалы-інілі бауырлар болатын. Ол Қаракеткен станциясынан Қызылорда қаласында кәсіптің училищеге оқуға келгенде менің отбасым тұрып жатқан Қызылорда қаласындағы Сүлеймен Ишан (бұрынғы Мамонтов) көшесінде тұрды. Иран аға шашы бұйра, әдемі, үсті мұнтаздай таза, өте сәнді киінетін. Мен оған шөйнекпен су құйатынымын. Есімде қалғаны жас кезіңде ол төңтек еді, жастар арасында жиі болып тұратын киікпінділерге қатысып тұратын. Ақ түсті сызық сол кездерде модада болған «кнейлон» көйлегінің арқа жағы соққы жасауға арналған әртүрлі заттармен салынған жарақаттары жиі қан талап тұратын.

Ол өзінің құқығын біреудің бұзуына, арнамысын таптауға жол бермейтін. Бір сөзбен айтқанда, ешкімді басына шығармайтын, өзінің сауаттылығы, табандылығы, сөзге шешендігінің арқасында кім болса да өз орнына оқу білетін. Әділтіксідікке, өтірікке жаны қас болды.

Бірде «Егемен Қазақстан» газеті тілшісіне берген сұхбатында ол өзінің судья болуына Қызылорда облысының Қармақшы аудандық сотының бұрынғы төрағасы, менің әкем Асан Қоразбаевтың өнегелі өмір жолы себеп болғанын айтқан.

Әркімнің туған жері – өзіне Мысыр шаһар. Иран аға да туған жерін алтын бесікке балады. Қасиетті Сыр елінің, киелі Жалағашының ырысты Қаракеткенің топырағында ер жеткен ол елге келген сайын елдегі жақсы жаңалықтар мен игі істерге, ел азаматтарының жетістіктеріне қуанатын. «Сағынған ер елін аңсайды» дейді дана қазақ. Расында ер қадірін ел білер, ал ер есімі өнегелі ісімнен ел есінде қалады. Ол ауылға келген сайын Марал ишан, Бұқарбай батыр, Бөркімбай көлпегің және әке-шешесінің басына жиі барып құран оқытқан.

Ол өзінің «соғыс балалары» атанған замандастарына қарағанда жаңа заманның көзі ашық, оқыған азаматы, екінші жағынан ескіні көрген ақсақалдардан алған ақылын айтып отыратын. Бір сөзбен айтқанда, ескінің де, жаңа заманның да адамы еді. «Ел ағасыз, тон жағасыз болмас» демекші, ол шын мәнінде елдің ағасы еді. Оның елге келуі тек ағайынның ғана бас қосуы емес, оның көптеген досының, әріптестерінің, жалпы заңгерлер қауымының бас қосуы болатын. Олардың ол кісіге сәлем беруі, көмек,

ақыл-кеңес сұрауы қазақ даласындағы бұрынғы елге қадірлі ақсақалдар, әділ шешім қабылдайтын билерді күтіп алу, сәлем беру, шағымдарын жеткізу көріністерін, рәсімдерін еске түсіретін.

Шынында ол кісі ерекше жаратылған кісі еді. Түрі бір қарағанда суық, қатаң болып көрінгенімен, жүрегі жұмсақ, бауырмашыл, бір нәрсе ұнамаса, түрі тұтығып, ашуланып кететін, көп сөйлемейтін, ұнамаса, аталы сөздер айтып, түтіп-түтіп, тоқтатып тастап, нүктесін қоятын. Аз сөйлеп, жерге кіріп кететіндей қызартып, ұялатын сөздерімен осып-осып алатын. Кейде өзін елге айтып, бір күлдіріп алатын.

Оның тойларда сөз алып, той ашуы өзгеше бір дүние. Сөз алғанда ушатын қыран бүркіт сияқты қомданып алып, өзінің әдемі қоңыр дауысымен, жақсы ырғағымен, аталы сөздерімен бүкіл залды үйіріп алып кететін. Ол сөйлегенде ашы суға өліккен көңілді отырған кісінің аңы айылын жыйып алып, зал сілтідегі тынышталып қалатын. Қазаға көңіл айтқанда адам жүрегін өлжірететін мақал-мәтелдерді қолдануы өз алдына бөлек өңгіме. Қызыл сөздің асқан шебері ақын-жазушылар секілді оның аузынан жәй қарапайым сөз шықпайтын, сұрыпталған, өбден сараланған аталы сөздер айтатын. Туымы, түрі, жүріс-тұрысы, сөзі, мінезі бөлек еді. Тектілігімен, әділдігімен, сауаттылығымен, турашылдығымен, еңбексүйгіштігімен, шыншылдығымен, тазалығымен, ешкімнің алдында тайсалмайтындығымен ерекшеленетін. Өтірікке жаны қас болды. Өте мәдениетті, ішкі дүниесі бай еді. Қарама-ғындағы қызметкерлерге қатаң, бірақ әділ еді. Оның мінезі бірде қатаң, бірде жұмсақ, нағыз әкелік, ағалық сөздер айтатын, бірде адамға қатты, суық түрімен қарап, еріксіз өзінді кінәлі сөзіндіріп, қорқыныш күйге түсіріп, әбегірге салса, бірде бет-әлпетінде жадыраған, жымылған күлкімен адамның бойын ерітіп жіберетін.

Адам ақыл ғылым, ар, мінез бен басқа да асыл қасиеттермен ерекшеленеді. Иран ағамның бойында тұлғаны «Жақсы адам» деген атаққа апаратын, жетегейтін, кез келген адамның бойында кездесе бермейтін тек жақсы адам бойында кездесетін тәртіптілік, жауапкершілік, салқын қандылық, көркем мінез, жомарттық сияқты жақсы қасиеттердің бәрі бар. «Биік төбеге шыққан, көзің ашылады, жақсымен сөйлессен, көңілің ашылады» демекші, ол кісімен пікірлесудің өзі бір ғаламат еді, қандай тақырып болсын ақпараттарға бай еді. Сот саласының ардагерлері мен басшыларының айтуы бойынша, жанарған егеменді еліміздің сот жүйесін оңсыз көзге елестету мүмкін емес және оның дамуына зор үлес қосты, өсіп-өркендеуіне үлкен серпін әкелді. «Әрбір судья қолындағы кодексің Құранындай сыйласың, тірідегі абыройың, өлгендегі иманың ойласың». Осы қанатты сөздер Иран ағамызға тиесілі. Жоғары заң шығарушы орган Парламенттің Сенатында ел қамын ойлайтын, күрмеуі қиын мәселелердің шешімін таба білетін, білімді де білікті азамат сот саласында ұзақ жылдар абыройлы, жемісті қызмет атқарды. Елінің нағыз кәсіби судьясы, нағыз тәуелсіз депутаты еді.

Қазақтың «Сырбаз, сегіз қырлы, бір сырлы» деп айтылатын сөздері сол кісіге арнап айтылғандай. Жақсы адам – елдің ырысы, жақсы сөз – жанның тынысы. Осындай азаматтың тағдыр төлкенін сүрінбей өтіп, небір қиын белес-терді бағындырып, жастай өзіне таныс емес Ақтөбе еліне барып, судья болудан аудандық, қалалық, облыстық сот төрағасы, Сенат депутаты, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Кеңесінің мүшесі дәрежесіне дейін, республикаға танымал заңгер атанғанын мақтан тұтамын. «Заманың қарай адамы» деген сөз бар. Ире-кеннің балалық, жігіттік шағы соғыстан кейінгі қиын кезеңге тура көлді. Жұрт кімге, тамаққа зәру болып жүргенде көлешекте оқыған сауатты, көзі ашық адамның абыройы таситынын біліп, ерінбей көп оқыды, оқып жүріп қосымша қара жұмыс істеп, тапқан ақшасымен ағайындарымен бөлісті.

Оның өмірі, жүрі өткен жолы туралы «Бекзат тұлға, тура би» атты естеліктер жинағында жарияланған бірнеше естеліктен үзінді келтірсек...

Өзбекстан Республикасының, Ресей Федерациясының бұрынғы Бас прокуроры, генерал О.Гайданов: «... Как молодды мы были, как верили в себя» атты мақаласында: «...Иранмен 70-шы жылдардан бері дос

едік, ол – облыстық соттың комсомол хатшысы, Иранмен мекемелердегі комсомол жастардың құқықтық сауатын ашу үшін бірілесіп шаралар атқардық, кейін мен Ақтөбе қаласының прокуроры болып тағайындалғанымда ол Ақтөбе қалалық сотының төрағасы лауазымын атқарды. Сол кезде отбасымызбен тығыз араластық. Иранның бойында басқа да әртүрлі деңгейдегі бастықтарда бола бермейтін шыдамдылық, адамды тыңдай білетін қасиет болды. Егер қандайда бір мәселе бойынша шешілу жолына сенімді болса, оның шешімін өзгерту мүмкін емес еді. Ресейге көшкеннен кейін 2005 жылдың көктемінде Бас Прокурор ретінде Еуропа елдерінен ис-сапардан оралып, ТМД елдерінің Парламентаралық Ассамблеясының тұрақты комиссия жетекшілерінің бірі ретінде мәжіліске қатысу үшін Мемлекеттік Думаға кіре бергенімде екі жыл көрмеген Иран досыммен кездесіп, бір-бірімізді құшақтап, құтасуым тиіс сарапшылар Кеңесінің мәжілісіне бармай, жергістерімен Қазақстан елшілігіне барып қонақ болдым. Екі күннен кейін Иран Петербургте өте сауатты, көремет баяндама жасап, екі мемлекет екілдерін таң қалдырды. Иран кейін заң шығармашылығына көңіл бөлді, онда мықты дипломатқа тән қасиеттер де бар еді. Дипломатиялық тәсілдерді қолданып, небір ымыраласпайтын жақтарды татуластырудың шебері еді. Дара, мейірімді, сенімді, тиянақты, принципшіл қимас жан досыммен соңғы рет 2013 жылы Мәскеуде кездесіп, үш сағаттан артық бірге болған едім...».

Оның тағы бір жан досы, Ресей Федера-циясы Көркемөнерінің еңбек сіңірген қайраткері, белгілі жазушы, мәскеулік Рауль Мир-Хайдаров: «Беседы с Сократом» атты мақаласында: «...Иран досымнан айырылып, естелік жазатыным үш ұйықтамадан да түсіме кірмейті. Иран Алла Тағаламен ғасырларға, мәңгілікке жаратылғандай. Ол фундаменталды, сұсты, айбатты, көрнекті, ұстамды, салмақты, терең ойлы еді. Оның тек рухани ішкі дүниесі ғана бай, дамыған емес, ол табанды, мықты күш иесі, «ғасырлық жуан өлең» сияқты қатты еді. Ғасырлық өлеңдер тек аспан құштері найзағай түсуі өсерінен ғана сынады екен, қалған қиындық, апат, қасірет, ауырталықтардан зиян шекпейтін туралы оқығаныммен. Ол туралы онымен жас көзінен бастап жақын араласқан О.Гайдановтан естігенімнен. Кейін екеуміз Мәскеуге көшіп барғанда ол туралы жиі еске алатын болдық. Оның бойында заң саласында сирек кездесетін қасиет бар еді, ол үлкен лауазымға тағайындалмас бұрын, яғни жас кезінен халыққа сыйлы, абыройлы болды. Сол үшін оны достары, әріптестері әзілдеп «Сапа белгісі» дейтін. Иә ол таныстыруды қажет етпейтін.

Оның аты-жөні, тегі жоғары, терең білімділікті, біліктілікті, кәсібилікті, әділет-тілікті білдіреді. Иранмен мен Ақтөбе Заң институтының бастығы, полковник Х.Сулейменовтың 50 жылдық мерейтойында таныстым. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Ақтөбе облысының департамент бастығы, генерал Б.Шаименов пен оның орынбасары Қ.Елубаевпен тойхана фозсында тұрғанда соңғы рет маған сыбырлап «Міне, біздің ауыр салмақтылар келді» деді. Келген екеудің бірі маған бұрыннан таныс, бұрынғы судья. Әділет басқармасының бұрынғы бастығы С.Барышев екен. Жоғары қызметтегі адамдардың назары ауып, амандасуға жапатармағай ұмтылған С.Барышевтің қасындағы адамды бірінші рет көрүім. Б.Шаименов маған – Прокурорлар туралы романыңды аяқтадың, енді судьялар туралы роман жазсаң, бұл кісіден артық білгір және сот жүйесінің абыройлы адамын таба алмайсың, – деді.

Сол кезде сән-салтанатпен ағылшын костюмін киіп, жоғары талғаммен байланған әсем, жібек галстук таққан алдында тұрған мырзаның досым О.Гайданов талай жақсы сөздер айтқан атақты Иран Әмірұлы екенін білдім. Ол менің шығармашылығыммен жақсы таныс екен, соңғы романымнан басқа бүкіл романдарымды оқып шыққан екен. Кейін жақсы араластық. Мен Ақтөбеге жиі келемін, ол Мәскеуге барып тұрады. Ол елінің болашағына алаңдап, Қазақстанның дамуына қажет заңдарды, ең бастысы, ата-бабамыздан мирас бо-лып қалған қасиетті жерімізді сақтап қалатын жаңа заңдарды қабылдау керек екенін жиі айтатын. Пайдалы қазбалар туралы ақпарат тарағаннан кейін біздің

жерімізге шет елдердің қызығушылығы артты. Азаматтарды құқықтық тәрбиелеу, судья, прокурор, полиция, басқа да билік салалары туралы айтқан ой-тұжырымдарын естідім. С.Барышев үшеуміздің кездесу барысындағы «пікірталастарымызға» қызығып, ортамызға қосылуға ниет білдірушілерге ол «Біз көңіл көтер-у үшін жиналмаймыз, философиямен айналысамыз, қозғалған тақырып кейбі-реулердің көңілінен шықпай ренжіу мүмкін, кездесу көруіміз мәңгілікке қалыптасты-рылған» деп ниет білдірушілердің өтінішін қанағаттандырмай тастаған еді. Бірде мәншаға түсу барысында бұл бөлмесінен шыққан оны матаны сол жақ мығына байлап шыққандың көргенде оны бала кезімдегі оқықтарда көрген ежелгі грек элигтасы, афин аристократы, грек философына, ұқсатып «Сократ, бұл нағыз Сократ қой» деп ерекше қатты дауысым шығып кетті.

Мен оны ұлы, дана, ойшыл философқа теңедім. Шынында ол таңқаларлық, ғажап адам, ірі заңгер, дана философ, қазіргінің Сократы еді. Міне Иран Әмірұлының шы-найы портреті. Онымен кездесулерді мен «Сократпен сұхбаттасу» деп атадым. Иә, басқаша атау мүмкін емес. Иран Әмірұлы біздің өзара кездесуімізді, қозғалған тақы-рыптарды жоғары деңгейге көтерді. Ол біз үшін нағыз Сократтың өзі еді...».

Иран ағамның бұл жетістіктері тегін емес. Ол – тектінің ұрпағы. XVIII ғасырда өмір сүрген Сыр еліне белгілі Жүзжасар би, батырдың ол алтыншы, мен жетінші ұрпағымын. «Жақсы бала нағашысынан» демекші, Қантым әжеміздің апасы Шекер Ермағанбетова қазақ қыздары арасынан ең алғаш аудандық партия комитетін бас-қарып, Ұлы Отан соғысына, соғыс кезінде, соғыстан кейін 17 жыл бойы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы төрағасының орынбасары лауазымын атқарған. «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері. Шекер ағамыздың 1949 жылы Мәскеуге бастап барған Қазақ өнері мен мәдениетінің делегациясы құрамында Жамбыл Жабаев, Нартай Бөкежанов сияқты өнер тартындары болған. Ол 1943 жылы қараша айында 22 вагон азық-түлікті 2-Украина майданына алғы шепке жеткізуді ұйымдастырған Әжеміз атында Қызылорда қаласында көше, Жалағаш қыстағында №246 орта мектеп аты берілген.

Марабай ақынның «Асыл туған жақ-сының ақыл-ойы көң болар» деген сөздері Ирекәне арнап айтқандай. Ақан Нұржан Наушабаев «әдеп, ақыл білімді үйреніп ешкім тұмайды, көруменен ысылар» деген екен. Елінің ағасы, жағасы, тынысы болған Иран Әмірұлы осындай азамат еді. Асыл адамға өлмейді, асыл туған адамның алтын жетпес нарқы болады. «Әр жақсыда бір мағына» дейді дана қазақ. Ұлы Абай атамыздың «Егер есті кісі қатарында болғың келсе, күніне бір рет, болмаса жұмасына бір рет, ең болмаса айына бір рет өзіңнен есеп ал» деген аталы сөзі бар. Ирекән де данышпан Абай атамыздың осы сөздерін басшылыққа алып, олардан нәр алып, өзіне-өзі есеп беріп, іс-әрекеттеріне, сөйлеген сөзіне талдау жүргізіп отырды.

Оның өлде де бағындыратын белесі көп еді. Ол сот жүйесіне әлі керек еді. Елінің нағыз патриоты, жанашыры екенін ісімен дәлелдеді. Қр Парламенті Сенатының оты-рысында өмірде сабырлы ағамыз алыс шетел, оның ішінде Қытай азаматтарының Қазақстанда еңбек істеу, тұру, жанұя құру мәселесіне келгенде ашулы, қатты сөйлегені әлі есімде. «Қара қытай қаптаса...» деп басталатын сөздері әлеуметтік желілерде жүр. Әйелдердің зейнетке шығу жасын кө-теру туралы заң жобасын талқылағанда ағамыз тіпті қаларына мініп, ашуланып сөйлегені әлі есімде. Иран Әмірұлы өзінің көптеген шөкірттеріне «Идиал» болып қала береді.

Әдемі қарттық – бір бақыт» дейді текті қазақ. Тек Ирекән ағамыз осы әдемі қартаю бақытын, қызығын аяғына дейін көре алмады. Шүкір, артында жақсы сөздер, балалары, немерелері қалды. Об-лыстық сот ғимараты қабырғасына оның күрметіне «Мемориалдық тақта» ілінді. Аппал азаматтың турашылдығы, әділдігі, шыншылдығы, жалпы өнегелі өмір жолы ескеңең ұрпаққа үлгі болары анық.

Хұсайын ҚОРАЗБАЕВ,
полковник, журналист,
Қазақстанның Ақпарат
саласының үздігі



Кенеден келер қауіп көп

Жаз айларында және жалпы күн жылығанда кене шағып, дәрігердің көмегіне жүгінетіндер көбейеді. Әсіресе серуендеу, саяхаттау, табиғатта болу, мал бағу, шөп шабу кезінде абай болу керек. Өйткені қауіпті жәндіктер шөптің, бұталардың, құлаған ағаштардың арасында, жайылымдық жерде, мал бағатын қораларда болады. Тіпті олар адам иісін сезген бойда шабуыл жасайтын көрінеді.

Әлі жаз басталмағанымен ауданда кене шағу жағдайы-мен дәрігер көмегіне жүгінгендер тіркелген. Бұл туралы аудандық ауруханадағы қабылдау бөлімінің жоғары санатты аға мейіргері Гүлмира Мәделханова баяндады. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте спикер қауіпті жәндіктен қалай сақтану қажеттігін де қаперге салды.

– Көнеңін неізгі қорегі қан болғандықтан адамдар мен жануарларды қан сору үшін шағады. Ол байқатпай шағатындықтан адамдар алғашқыда денеде кене тұрғанын байқай бермейді. Тіпті 12 күнге дейін жабысып тұрады және осы уақытта диаметрі 2 см болатын шар-дың мөлшеріне дейін өседі. Өйткені кене адамға жа-бысқан кезде анестетикалық затты енгізетіндіктен мүл-дем ауырtpпайды және сезілмейді. Көнеңің шағуы адам өміріне қауіп төндірмегенімен ол ауру тарататын түрі болып кездессе, сілөкейімен бірге қанға түсетін вирустар аса қауіпті. Оның салдарынан адам кене сүзегі, кене боррелиозы, акариаз, Конго-Қырым геморрагиялық қыз-басы сияқты қауіпті аурулардың тасымалдаушысы бо-лып, аллергиялық реакциялар тудырады. Энцефалит орталық жүйке жүйесіне әсер етіп, мидың сұр затының қабынуын тудырады. Боррелиоз жүрек-қантамыр және жүйке жүйелеріне әсер етеді, содан кейін адамның тірек-қимыл аппаратын зақымдайды, – дейді ол.

Аға мейіргер ауру кене шаққан кезде адамның басы көнеттен қатты ауырып, дене қызуы 37-39 градусқа дейін көтерілетінін айтады. Тіпті дене қалтырап, тері бертіп қызарып, майда нүктелер пайда болуы мүмкін. Іші өтіп, тағы да басқа симптомдар көрініс береді. Сондай-ақ бұлшық ет ауырып, адамның тыныс алуы қиындайды. Тамаққа төбеті жоғалып, жиі шаршайды.

Сондықтан спикер шұғыл профилактикалық шара-ларды қабылдау қажеттігін қаперге салды. Білікті меди-циналық көмек көрсету үшін кене шаққаннан кейін де-реу ауруханаға барып, дәрігер бақылауында болудың маңызы зор екен. Сала маманы кене шаққанда не істеу керек, не істемеу керектігін кеңінен тарқатты.

– Егер кене шақса не істеу керек? Ең дұрысы, дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Көнеңі толығымен тері ішінде тұмсығын қалдырмай, арнайы медициналық құ-ралмен ыргай отырып шығару керек. Көнеңі аламын деп қайышпен қырып, қанын ағызып зақымдауға болмайды. Олай өтсе, қауіптілігі артады. Көнеңі тұмсығымен қоса шыққанына көз жеткізіп, арнайы қаулағы бар ыдысқа салу керек. Шаққан орнын спиртпен, йод ерітіндісімен өңдеп залалсыздандырамыз. Содан соң қолымызды сабындап жуып, спиртпен өңдейміз. Өз аймағыңыздағы дәрігердің бақылауында 14 күн болып, дене қызуын қадағалайсыз. Ал енді «Кене шаққанда не істеуге болмайды?» деген сауалыңызға келсек, терідегі көнеңі мыңып, сықпау керек. Себебі кенеде қауіпті вирустар бар. Ол қолдың әнуі жаралары немесе тырнақтар арқылы адам ағзасына енуі мүмкін. Теріге жабысқан көнеңі оқис жалаңаш қолмен, тіспен жұлмау керек. Өйткені оны жұлған кезде жәндіктің басы теріде қалып қояды. Салдарынан жәндіктің ұлы сөлі адам ағзасына тарайды. Денеңде, малдан алынған көнеңі таспен ұрып мыжуға, қайшымен қырып қанын ағызғау, отқа тастауға болмайды. Қаны шашырса, адамның аузына, көзіне қауіп бар, – дейді спикер.

Табиғатқа, мал бағуға, шөп шабуға, жайылымға, егіс-тікке және демалыс орындарына барғанда жәндіктердің шабуылынан қорғану және жақсы көрінетіндіктен ашық түсті киіммен жақсы киініп, денеңіз ашық жерлерін мүм-кіндігінше азайту керек, яғни жабық аяқ киім киген дұрыс. Шалбардың балағын шұлықтың ішіне, ал жейде мен футболканы шалбардың ішіне салған жөн. Бас киім, орамал тағуды ұмытпаңыз, қауіпті жәндіктерден қорғайтын кремдер мен спрейлерді пайдаланыңыз. Сонымен қатар көктемгі және күзі мал қыру кезінде, мал сойғанда, баққанда, шөп шабуға барғанда, мал қораны тазалағанда да абай болған жөн. Балаларды малмен, ит-мысықпен еріп келетін көнелерден қорғап, тексеріп, түсіңдіріп, аулада тазалық сақтап отыру керек. Мал қораны таза ұстап, ірге-сіне арнайы дезинфекциялық құралдарды сөуіп, малмен еріп келетін көнелер өліп қалатындай етіп улап отыру да пайдалы. Кешегі брифингте сала маманының сөзінен түйгеніміз осы.

Айта кетейік, аудандық аурухананың қабылдау бө-ліміне былтыр 47 адам кене шағуымен келген. Оның 8-і – бала. Быыл 14 адамды кене шаққан. Оның 6-ауы – бала. Осы ретте сала маманы кене шаққаннан ауырған кезде өз бетінмен емделудің қауіпті екенін айтады. Өйткені мұндай жағдайда ауруды асқындырып алу мүмкіндігі жоғары. Тіпті арты өкінішке ұласуы да ғажап емес. Сондықтан спикердің кеңесіне құлақ асып, көнеңің адам өміріне қауіпті жәндік екенін естен шығармаған дұрыс.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Тағзым

Тау тұлға атындағы турнир

Өткен аптада жалағаштықтар 3 күн бойы былғары қолғап шеберлері додасының күесі болды. Жаңадан ашылған спорт кешенінің аумағында «Кім чемпион атанады? Өзбекстаннан боксшы келіпті. Жекпе-жек тартысты болды» деген спорт төңірегіндегі сөздер өріп жүрді. Үш жыл қатарынан өткізіліп келе жатқан медицина саласының үздік дәрігері Ақназар Бектасовты еске алуға арналған ашық турнирге халықтың қызығушылығы мұндай жоғары болатыны заңдылық.

Турнирге аймағымызға қарасты аудандардан, сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Ұлытау облыстарынан және Өзбекстан елінен жалпы 16 команда келді. Бақ пен бапты сынауға келген 200-ден астам жасөспірім спортшы 25 салмақ дәрежесінде жұдырықтасты.

Турнирді аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов ашып, медицина саласының үздігі Ақназар Бектасовтың қызмет жолына тоқталып, турнирге қатысушыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ тау тұлғаның өнегелі өмір жолын өңіріміздің азаматтары мен кө-

зін көрген ақсақалдар бір сәт еске алып, спортшыларға тартысты додада сәттілік тіледі.

Ақназар Бектасов 1944 жылы Аққум ауылында дүниеге келген. Ол Алматы қаласындағы қазақ мемлекеттік медицина институтына түсіп, оны 1966



жылы емдеу факультеті бойынша бітіріп шығады. Алғашқыда аудандық орталық ауруханада балалар дәрігері болып жұмыс істейді. Жұмыс жасай жүріп, Мәскеу, Ленинград, Пенза, Киев, Алматы, Ақтөбе қалаларындағы білімін жетілдіру институттарына барып, қысқа курстардан өтіп, адам емдеудегі медицинаның озық тәсілдерімен танысады. Тынымсыз еңбек, үздіксіз ізденудің арқасында 1970-1980 жылдары ол хирург-дәрігер дәрежесіне көтерілді.

Ақназар Бектасов алғаш рет наркозбен ота жасауды ауданда сәтті іске асырған хирург ретінде тарихта қалған. Сондай-ақ ол аудан орталығынан қан дайындайтын арнайы бөлім ашуды қолға алды. Хирургтік міндетін атқара жүріп, ауыр науқастар кездескен кезде донор болып, қан беруді әдетке айналдырды. Осы салада еңбек еткен жылдары қан беру арқылы 75 науқастың өмірін сақтап қалды. Сол еңбегі үшін 1989 жылы «КСРО-ның құрметті докторы» атағын иеленді.

Саналы өмірін денсаулық сақтау саласына жұмсаған Ақназар атамыз бір ұжымда, бір ауруханада үздіксіз жарты ғасырға жуық еңбек етіп, «КСРО-ның үздік дәрігері» атағына ие болды. 1994 жылы Жалағаш ауданының бірінші шақырылған мәслихатына депутат болып сайланды. Денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелерін шешуге зор үлес қосқаны үшін 2012 жылы «Шапағат» медалімен марапатталды.

Ауылы жары Қанымкүл Шаханова екеуі 5 баланы дүниеге әкеліп, тағалымды тәрбие берді. Бүгінде балалары еліміздің әр саласында абыройлы еңбек етіп жүр.

Жарысқа келсек, бірінші күннен бастап келген спортсүйер қауымның қатары қалың болды. Бірі баласың, бірі немересің, енді бірі інісің додаға қосқан жалағаштық жанкүйерлер таң атқаннан кеш батқанға дейін тапжылмай турнирді тамашалады. Оғландардың мықты дайындықпен келгені шалт қимылынан байқалды. Жеңісті оңайлықпен бермейтіні алғашқы күннен-ақ белгілі болды.

Бірінші күні турнирдің 1/8 кезеңі өтсе, келесі күні 1/4 және жартылай финалдық кезеңге жалғасты. Екінші күннің жекпе-жектерінде спортшылар жан алыспай, беріспеді. Жанкүйерлердің күткені де осы болды, өйткені боксшыларды енді бір аттаса, алда финалдық кезең күтіп тұр, яғни жүлдеге іліктің деген сөз. Сөйтіп 2 күн ішінде ақтық кезеңге кіл мықтылар іріктеліп шықты. Додада Жалағаштың боксшылары жарады.

Үш күнге созылған бокс додасында спортшылар өзара мықтыны анықтады. Ақтық кезеңнің қорытындысы бойынша жалағаштық команда жергілікті жанкүйерлердің мерейін үстем етті. Командалық есепте 7 алтын, 2 күміс, 7 қоламен көш бастады.

Керші Өзбек елінің жас боксшылары да осал емес екен. Өзге мемлекетке жұдырықтасуға келіп тұрған

жасөспірімдердің көзінен қорқыныш немесе тартыну байқалмады. Бала болса да мұндай жігерлік танытқан қонақтарға жергілікті жанкүйерлер де дән риза болды. Сондай-ақ турнирдің ең үздік боксшы атағын Ернұр Алматбекулы иеленді. Үздік былғары қолғап шеберлеріне ерекше кубок табысталды.

– Жарыс жоғары деңгейде өтті. Ақназар атамыздың өмір жолынан хабардармын. Осындай тау тұлға атындағы турнирде барынды салмау – мен үшін үлкен сын. Қарсыластарымның барлығы мықты, осалы жоқ. Ақтық кезеңге дейін сенімді жұдырықтастым деп айта аламын. Бірақ финалда жұдырықтасу қиынға соқты. Қарсыласым да мықты спортшы екен. Жекпе-жек тартысты өтті. Менің бағым жаман, десе де қарсыласым басымды иемін. Әрине, финалға шығу оңай емес. Өнерім көрерменге, төрешілерге ұнап, турнирдің «Үздік былғары қолғап шебері» атандым. Ұйымдастырушыларға алғыс айтамын, – дейді чемпион Ернұр Алматбекулы.

Дүркіреген дода демде өте шықты. Ең бастысы, турнирге келген қонақтар дән риза. Ал Өзбекстан жаттықтырушысы спорттың жарыстардың жасөспірімдер үшін үлкен тәжірибе беретінін айтады. Осылайша тау тұлға Ақназар Бектасовтың өскелең ұрпаққа өнеге боларлықтай өмір жолы кең көлемде ұлықталды.

Ж.АРЫН

Маман мерейі

Алғыс арқалаған мейіргер



Сырқаттанғанда жаныңыздан табылатын, ем іздегенде қол ұшын беретін медицина қызметкерлерінің бірі – мейіргер. Әдетте науқастанып қалған жандарға аялы алақанымен, жылы қабағымен қуаныш сыйлайтын мейіргерлер жөнінде көп біле бермейміз. Аудандық ауруханаға кезекті сапарымызда жоғары санатты аға мейіргер Гүлмира Маделхановамен әңгімелесіп, жұмысымен танысудың реті келді.

– Дәрігер болу бала күнгі арманым болатын. Емханадағы ақ халат кигендерге қатты қызыға қарайтынмын. Біздің заманымызда таңдау мүғалім немесе дәрігер еді. Анаммен ақылдасып, медицина саласына құжаттарымды тапсырдым. Мектептегі білім көрсеткішім өте жақсы болғандықтан Қызылорда медициналық училищесін

дегі «Мейіргер ісі» мамандығына емтихансыз қабылдандым. Анам Зейнегүл Әлсүгірова ауруханада еңбек етті, қызметі халыққа үлгі, тәжірибелі дәрігер болды. Менің осы мамандықты таңдауыма анамның жолы сеп болғандай, – деп бастады әңгімесін еңбек адамы.

Жас маман 1990 жылы Жалағаш аудандық ауруханасына жұмысқа қабылданып, 2005 жылға дейін хирургия бөлімінде кезекші мейіргер, қан дайындау мейіргері қызметтерін абыроймен атқарды. Ол еңбек жолында медицина саласының түрлі бағыттарында жұмыс істеп, мол тәжірибе жинайды. 2005 жылдан бері терапия, хирургия, балалар бөлімі, жұқпалы аурулар бөлімінде аға мейіргер, 2014-2015 жылдары бас мейіргер болып еңбек еткен.

Мейіргер жауапкершілігі ауыр салада тынбай еңбек етіп, білікті маман атануына аудандық ауруханадағы бас дәрігерлердің бөліскен тәжірибесі сеп болғанын жасырмайды. Сөзіме дәлел әңгіме барысында бас дәрігерлер С.Қалыбаев, Қ.Камалов, Б.Пірмаханов, хирург дәрігерлер М.Жұмаділлаев, Ш.Әлібаев, Т.Жүсіпов, М.Оспанов, А.Маханбетова, Г.Гаюпова, ұстаз болған Қазына, Жаухар, Назипа, Назира, Әсия, Мира апайларынан алғысын аямады. Ол кісілердің айтқан ақыл-кеңесі жылдар өтсе де өзектілігін жоғалтпай, жұмыста көмек болып келеді екен.

Бүгінде Гүлмира Маделханова аудандық емханада қабылдау бөлімінің аға мейіргері қызметін атқаруда. Жалпы жұмыс өтілі – 35 жыл. Жұмыс атқара жүріп, білімін тынбай жетілдіріп, біліктілігін арттыра білді. 2019-2021 жылдары Қызылорда медициналық жоғары колледжінің орта білімнен кейінгі білім алу бағдарламасы аясында «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» бойынша біліктілігін арттырады.

Қазіргі таңда жоғары санатты мейіргер, тәлімгер ұстаз. Әріптестерінің алдында абыройлы, беделді, барлық ортада өзін белсенді көрсете алады. Науқастар мен олардың туыстарынан әрқашан алғыс алып жүр. Облыстық, аудандық көсіподақ ұйымынан және «Алапағат» партиясынаң Жалағаш ауданы әкімінің, Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысынан халыққа көрсеткен адал еңбегі үшін алған марапаттары мен алғыс хаттары соның дәлелі.

Сондай-ақ еңбек адамы қазіргі таңда оқу орнын бітіріп келген жас мамандарға тәлімгерлік етіп, бар білімі мен біліктілігін, тәжірибесін үйретуден жалықпайтынын жеткізді. Өйткені аталған салада 35 жыл жиған тәжірибесі

өскелең ұрпаққа маңызды мұра екенін мойындайды.

– Әрине, бүгінде медицина саласы үлкен жетістіктерге жетіп, дамыды. Бұрынғыдан айырмашылық бар. Біз жұмысымыздың басым бөлігін қолмен жасайтынбыз. Қазіргідей компьютер жоқ, құжаттардың барлығын қолмен толтыратынбыз. Бірақ біз еш уақытта жұмысымыз ауыр демейтінбіз. Өйткені қандай жағдай болса да медициналық көмек көрсете білуіміз керек. Ең бірінші, науқасқа жағдай жасау, емдеу. Осы біздің басты назарда болатын. Ал қазір дамыған түрлі медициналық құрылғылар бар. Сондай-ақ Алматы, Астана қалаларынан, тіпті шетелден мамандар келіп, шеберлік сағатын өткізеді. Олармен тәжірибе алмасамыз. Иә, біздің кезімізде патриоттық сезім ерекше болды деп ойлаймын. Мүғалім мен дәрігер мамандығы ең жоғары болып саналатын. Қазіргі жастардың таңдауы басқа. Жасыратыны жоқ, медицина саласының ауыртпалығынан сескеніп жатады. Өзімнің отбасымда 4 балам, жолдасым бар. Үлкен ұлым Жарқынбек Сыдықов жолымды қуып, аудандық ауруханада дәрігер хирург-травматолог қызметінде еңбек етуде. Ал қызым Ақидар да – Қарағанды медицина университетінің түлегі, болашақ дәрігер, – дейді білікті мейіргер.

Емнің дұрыс нәтиже беруі медбикенің көрсетілген ем-домды сауатты да, қалтқысыз орындауында ғана емес, жаны қиналып жатқан науқаспен күндіз-түні бірге болып, жиі қарым-қатынас жасап, олардың көңіл-күйіне әсер ететін жанкешті еңбегіне де тікелей байланысты. Гүлмира Маделханова әріптестерімен бірге күні-түні еңбек етіп, науқастардың өміріне араша болып, талайларды өлімнен аман алып қалды. Тіпті бірқатары өздерінің басын қатерге тігіп, коронавируспен ауырып жатқандардың ортасында жүрді. Сондықтан болар, жалағаштықтар кейіпкеріміздің еңбегін жоғары бағалайды.

«Мен үшін халықтың алғысын алу, көптің құрметі мен ықыласына бөлену – ерекше сезім. Сондықтан медицина саласында жұмыс істегеніме еш екінбеймін» деп аяқтады сөзін аға мейіргер Гүлмира Оңайбекқызы.

Жандос ЖАЗКЕН

Шипа



Екпе дерттің алдын алады

Аудандық СЭБ басқармасының мәліметінше, биыл ауданда қызылшамен ауырған 2 жағдай тіркелген. Науқастар – 14 жасқа дейінгі балалар, оның 1-еуі – вакцинацияланбаған жасөспірім. ҚР Үкіметінің қаулысы бойынша екпе егу күн тізбесінде 1 және 6 жасқа толған балаларды қызамыққа, қызылшаға қарсы егу жүргізіледі. Сондай-ақ 30 жасқа дейінгі еліміздің барлық тұрғыны қызамыққа, қызылшаға қарсы вакцина алуға болады.

Қызылша – жедел жұқпалы ауру. Негізгі белгілері қызу көтеріліп, теріде бөртпелер пайда болып, көзі қызырып, тыныс азалары зақымданады. Ауру тек науқас адамнан жағуы. Қызылша жасырын кезеңінде 9-11, жалпы 15-21 күнге созылуы мүмкін. Алғашқы белгілері қызыну көтеріліп, әлсізденіп, тамаққа тәбеті нашарлап, мұрнынан су ағып, ащы жөтел пайда болып, көзі қызырап қабынады. Одан жұмсақ және қатқыл таңдайда теңбіл бөртпелер пайда болады.

Қызылша бөртпелерінің ерекшелігі бірінші күні бөртпе бетте, мойында, екінші күні бөртпелер денеде, қол-аяқ терілерінде, үшінші күні балтырда шығады. Бөртпелер көлемі 2 мм болып, кейде бірнешеуі бірігеді, дегенмен әрбір бөртпелер арасында таза тері көрініп тұрады. Кейде екпеде сырыл естілуі, кейбір науқастың іші ауырып, аздап өтуі мүмкін. Ауру асқынғанда ағзаның орталық жүйке жүйесінің жұмысы зақымданып, жүйкенің қабынуынан өзгерістер көп болады.

Аурудың алдын алу шараларына үй жайларын жиі желдету және ылғалды тазалау, науқастарды ерте, дер кезінде анықтау және егу жұмыстарын жүргізу жатады. Аурудың алдын алу үшін уақытылы егу жұмыстарын жүргізу, үйде қызылшамен ауырған науқас болса, қарым-қатынасты шектеу қажет. Сондай-ақ аурудың алдын алудың ең тиімді және сенімді әдісі вакцинация болып табылады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №873

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН